ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

«Bolashaq» академиясы

Педагогика және психология кафедрасы

Ғылыми кеңес мәжілісінде бекітілді
Хаттама № 1 « 31 » 08 2021 ж.

**ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ**
**7М01101 – «ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**
**БЕЙІНДІК БАҒЫТ**

Қарағанды 2021

# 2021-2022 оқу жылы

| № | Пән атауы | Кредиттер ECTS | Оқытудың мақсаты | Қысқаша анықтамасы | Зерттеуден анықталатың нәтижелер | Пререквизиттер | Постреквизиты |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **1 курс** | | | | | | | |
| 1 | Педагогикалық зерттеулердегі психологиялық әдістер | 4 | Психологиялық әдістерді тиімді қолданудың жолдарын анықтай білуге, психологиялық әдістердің түрлерімен таныстырып, оны тәрбие жүзінде қолдану дағдысын қалыптастыру. | Бұл курс білім беру үрдісінде педагогикалық зерттеу мәселелерінің барысында психологиялық әдістерді тиімді қолданудың жолдарын қарастырады. Психологиялық әдістердің түрлерімен танысуға мүмкіндік береді. Бұл бағыттағы жұмыстар зерттеу жұмысын жүйелі етуге, психологиялық-педагогикалық әрекетте ғылыми зерттеулердің қажеттілігін көрсетеді. | Пәнді игерген соң магистранттардың игеретін құзыреттіліктері<br>*Білімі:*<br>- зерттеудің психологиялық әдістерін;<br>- психологиялық-педагогикаклық зерттеулердің типологиясын;<br>- психологиялық эксперименттің негізгі құраушы бөліктерін;<br>- психологиялық-педагогикалық мәселелерді меңгеруде құрылымдық кешенді.<br>*Білігі:*<br>- зерттеу жұмыстарының нітижелерімен сандық және сапалық анализ жұмыстарын жоғары деңгейде жүргізе алуы;<br>- әдіснамалық құжаттарды дұрыс таңдай алуы;<br>- педагогикалық зерттеулерде психологиялық әдістерді жүргізу барысында жүйелілікті қолдана білуі.<br>*Игеретін дағдылары:*<br>- өлшем сипаттамаларын дұрыс анықтау, әдіснамалық құжаттарды таңдау және зерттеу барысында нәтиже жұмыстарын интерпретация | 1. Психология және адам дамуы.<br>2. Тұлғаның педагогикалық-психологиялық диагностикасы.<br>3. Эксперименталды психология.<br>4. Педагогикалық психология.<br>5. Практикалық психология. | 1. Ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру әдістері мен әдіснамасы<br>2. Кәсіби іс-әрекет психологиясы |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | деңгейінде жүйелі жұмыс жасай алуы;<br>- педагогикалық, зерттеу тәжірибелерінде психологиялық әдістерді тиімді қолдана алуы. | | |
| 2 | Психологиялық-педагогикалық бағыттағы кәсіби іс-әрекеттің ғылыми зерттеуі | 4 | Психологиялық-педагогикалық бағыттағы кәсіби іс-әрекеттің ғылыми зерттеу жұмыстарын меңгеруге үйрету. Зерттеу жұмысы бойынша қазіргі педагог-психологтың әрекеті жайлы жүйесін меңгерту | Бұл курс психологиялық-педагогикалық бағыттағы кәсіби іс-әрекеттің ғылыми зерттеу жұмыстарын меңгеруге бағытталған. Бұл бағыт зерттеу жұмысымен айналысушыларға қазіргі педагог-психологтың әрекеті жайлы жүйе қалыптастырады. Психологиялық-педагогикалық бағыттағы кәсіби іс- әрекеттің ғылыми зерттеу жұмыстарының мәнін ашуға мүмкіндік береді, сонымен қоса кәсіби бағыттағы зерттеу қажеттілігімен танысады. | магистранттардың игеретін құзыреттіліктері<br>*Білімі:*<br>- зерттеудің психологиялық әдістерін таңдауды;<br>- психологиялық-педагогикаклық зерттеулердегі кәсіби бағытты анықтауды;<br>- психологиялық эксперименттің негізгі құраушы бөліктері ретінде кәсіби бағытты;<br>- кәсіби бағыттағы анықталған мәселелермен психологиялық-педагогикалық бағытта жүйелі жұмыс түрлерін.<br>*Білігі:*<br>- зерттеу жұмыстарының нітижелерімен сандық және сапалық анализ жұмыстарын жоғары деңгейде жүргізе алуы;<br>- әдіснамалық құжаттарды дұрыс таңдай алуы;<br>- педагогикалық-психологиялық бағытта кәсіби іс әрекеттің негізгілерін анықтап, анализдік тұрғыда жұмыс жасай алуы.<br>*Игеретін дағдылары:*<br>- өлшем сипаттамаларын дұрыс анықтау, әдіснамалық құжаттарды таңдау және | 1.Психология және адам дамуы<br>2. Тұлғаның педагогикалық-психологиялық диагностикасы<br>3.Эксперименталды психология<br>4.Педагогикалық психология<br>5. Практикалық психология | 1. Ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру әдістері мен әдіснамасы<br>2. Кәсіби іс-әрекет психологиясы |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | зерттеу барысында нәтиже жұмыстарын интерпретация деңгейінде жүйелі жұмыс жасай алуы;<br>- психологиялық-педагогикалық бағыттағы кәсіби іс- әрекеттің ғылыми зерттеу барысында әдістерді тиімді қолдана алуы. | | |
| 3 | Магистірлік диссертацияны даярлаудың ерекшеліктері | 4 | Магистранттарды ғылыми жұмыспен айналысу жүйесімен, зерттеу жұмыстарын жүйелі жүргізуге, эмпирикалық жұмыстардың сандық және сапалық көрсеткіштерімен жұмыс жасауды үйрету. | Бұл курс магистранттарды ғылыми жұмыспен айналысуға, зерттеу жұмыстарын жүйелі жүргізуге бағытталған. Бұл зерттеу жұмыстары зерттеу жұмысының негізгі бағыттарымен, зерттеу нәтижелерін теориялық және практикалық тұрғыда дұрыс өңдеуге мүмкіндік береді. Эмпирикалық жұмыстардың сандық және сапалық көрсеткіштерімен жұмыс жасаудың нәтижелі жолдарымен танысады. | Пәнді игерген соң магистранттардың игеретін құзыреттіліктері<br>***Білімі:***<br>- зерттеудің педагогикалық-психологиялық әдістерін;<br>- белгілі бір мәселе төңірегінде зерттеу құрылымының ерекшеліктерін;<br>- зерттеуге қатысты қажетті құжаттарды.<br>***Білігі:***<br>магистірлік диссертацияны даярлау барысында жүйелілік принципін қолдану ерекшеліктері;<br>- әдіснамалық құжаттарды дұрыс таңдай алуы;<br>- диссертацияның педагогикалық психологиялық зерттеу барысында теорияны іс тәжірибемен ұтымды байланыстыра алуы.<br>***Игеретін дағдылары:***<br>- зерттеу жұмыстарының нәтижелеріне жоғары деңгейде анализ жасай алуы;<br>- зерттеу барысындағы | 1.Психология және адам дамуы<br>2. Тұлғаның педагогикалық-психологиялық диагностикасы<br>3.Эксперименталды психология<br>4.Педагогикалық психология<br>5. Практикалық психология | 1. Ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру әдістері мен әдіснамасы<br>2. Кәсіби іс-әрекет психологиясы |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | кешенділікті пайдалана алуы;<br>зерттеу жұмыстарының нәтижелерімен тәжірибеде алмастыра алуы. | | |
| 4 | Психологиялық кеңес берудің технологиясы | 4 | Психологиялық кеңес берудің бағыттарымен, кеңес берудің тиімді жолдарын пайдалана білу дағдыларын қалыптастыру, негізгі әдістерді ажырата білуге үйрету. | Бұл курс магистранттарға іс тәжірибе жүзінде еңбек және педагогикалық іс-әрекетті зерттеу үшін қолданылатын барлық әдістер мен әдістемелер жиынтығын меңгеруге мүмкіндік береді. Психологиялық кеңес берудің бағыттарымен, кеңес берудің тиімді жолдарымен танысады. Психологиялық ғылым және практиканың жаңашылдық әдістері мен технологиясының интеграциясын қарастырып отырады. | Пәнді игерген соң магистранттардың игеретін құзыреттіліктері<br>***Білімі:***<br>-психологиялық кеңес беруді жүргізудің әдіснамалық негіздерін;<br>- кеңес беруді ұйымдастыру барысында психологқа қойылатын талаптарын;<br>- кеңес беру барысында клиенттің тұлғалық қасиеттерін ашатындай тактика, стратегияларын;<br>***Білігі:***<br>- клиенттің сұранысына қарапайымнан күрделіге ауысу прирципін қолдану;<br>- клиенттің келіспеу немесе қанағаттанбау жағдайларында психологтың тиімді әрекет стратегиясы;<br>- психологиялық кеңес беру барысында белгілі бір бағыттарға анализ жасай алуы.<br>***Игеретін дағдылары:***<br>- клиенттің жағымды, оң қасиеттерін ұтымды пайдалана алуы;<br>- психологиялық кеңес беру барысында әр клиенттің қабілетіне, мүмкіндігіне, | 1. Психология бойынша практикум<br>2. Жас ерекшелік психологиясы<br>3. Эксперименталды психология<br>4. Тұлғаның педагогикалық-психологиялық диагностикасы | 1. Педагогика және психологияны оқыту әдістемесі<br>2. Кәсіби іс-әрекет психологиясы<br>3. Психологиялық - педагогикалықконфликтология |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | қажеттілігіне орай әдіс, бағыттарды таңдап, болжай алуы;<br>- психологиялық кеңес беру барысында сураныс бойынша және негізгі қажеттілікті анықтай алуы. | | |
| 5 | Практикалық психология | 4 | Психологиялық кеңесті, түзетуді және психотерапияны ұйымдастырудың негізгі әдіснамасын, психологиялық әдістердің ерекшеліктерін меңгерту, іс тәжірибе жүзінде қолдану дағдысын қалыптастыру. | Бұл курс магистранттарға пәннің негізгі бөлімдері және оның қалыптасу кезеңдері туралы теориялық білімдерді қалыптастырады. Психологиялық кеңесті, түзетуді және психотерапияны ұйымдастырудың негізгі әдіснамасын, психологиялық әдістердің ерекшеліктерін меңгереді, іс тәжірибе жүзінде қолдануды үйренеді. Практика жүзіндегі психолог әрекеті туралы ойлары, білімдері кеңейеді. | Пәнді игерген соң магистранттардың игеретін құзыреттіліктері<br>***Білімі:***<br>- болашақ педагог-психологттарға педагогикалық процесті ұйымдастыруға қажетті білімдер мен іскерліктерді;<br>- зерттеудің педагогикалық-психологиялық әдістерін;<br>- практик психологтың этикалық кодекс бойынша қойылатын талаптарға сай болуын;<br>***Білігі:***<br>- психологиялық әдістерді ұтымды пайдалануды;<br>- қолданылатын тактика мен стратегияның тиімділігін көре алуы және жүзеге асыруы;<br>- алдын алу, түзету жұмыстарында қарапайымнан күрделіге ауысу принципін нәтижелі ұстану.<br>***Игеретін дағдылары:***<br>- қолданылатын әдстердің сандық және сапалық көрсеткіштеріне анализ жасай | 1. Психология және адам дамуы<br>2. Жас ерекшелік психологиясы<br>3. Тұлғаның педагогикалық-психологиялық диагностикасы<br>4. Педагогикалық психология | 1. Педагогика және психологияны оқыту әдістемесі<br>2. Кәсіби іс-әрекет психологиясы<br>3. Психологиялық - педагогикалықкон фликтология |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | алуы, интерпретациялық деңгейге шығара алуы;<br>- клиент сұранысын болжай алуы;<br>- әдіснамалық құжаттарды қолдану барысында талапқа сай келтіре алуы. | | |
| 6 | Дағдарыс жағдаяттарын жеңу | 4 | Дағдарыс жағдаяттарын алдын ала білуге, тиімді әдістерді пайдалана білу қабілеттерін қалыптастыру. | Бұл курс магистранттарға дағдарыс жағдайлардың алдын алуға, сол жағдайларда шешім қабылдау, қолға алу дағдыларын меңгереді. Дағдарыстың тұлға дамуына мүмкіндік беретін жолдарын көруге үйренеді. Дағдарысты адам дамуының бір сатысы ретінде қарауға дағдыланады. | Пәнді игерген соң магистранттардың игеретін құзыреттіліктері<br>***Білімі:***<br>- дағдарыстың пайда болу жолдарын, себептерін анықтай алуы;<br>- дағдарыстың алдын алу жолдарын көріп, келесі әрекеттерге көше алуы.<br>***Білігі:***<br>- дағдарыс кезіндегі шешім қабылдау қасиеттерінің дамуы;<br>- дағдарыстың тиімді жақтарын көре алуы, тәжірибесінде қолдана алуы;<br>- дағдарыстың жолдарын, алдын алу жолдарын болжай алуы.<br>***Игеретін дағдылары:***<br>- әр қилы кездейсоқ жағдайда дағдарыстың алдын алып, шешім қабылдап, оның тиімді жақтарын іс жүзінде пайдаланып, тұлға дамуына септігін тигізетіндей жағдайларын анықтап, жүзеге асыру. | 1. Психология және адам дамуы<br>2. Психология бойынша практикум<br>3. Эксперименталды психология | 1. Педагогика және психологияны оқыту әдістемесі<br>2. Кәсіби іс-әрекет психологиясы<br>3. Психологиялық-педагогикалыққон фликтология |
| 7 | Психологиялық | 3 | Курстың мақсаты – | Бұл пәнде жеке адамдар, топтар, | Пәнді игерген соң | 1. Философия. | 1. Психология мен |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | – педагогикалық конфликтология | | психологиялық – педагогикалық конфликтология пәнінің теориялық негіздерімен таныстыру, конфликтіні шешудің ғылыми әдістерін және оны шешу жолдарымен таныстыру. | педагогикалық ұжым, оқушы мен оқытушы арасындағы конфликтіні, сонымен бірге конфликтогендік құрылымдарды (қарым-қатынастағы әлеуметтік-психологиялық қуаттың күштілігі, мінездің сәйкес келмеуі) қарастырылады. | магистранттардың игеретін құзыреттіліктері<br>***Білімі:***<br>- мамандарды гуманитарлық оқыту құрылымында жанжалдарды шешу;<br>- әлеуметтік дау-жанжалдарды, олардың шығу тегі, дамуы мен қаулының заңдылықтарын негізгі себептері мен түрлерін білуі.<br>***Білігі:***<br>- балаларды отбасында, білім бойынша оқу орындарының оқытушылары мен психологтар, оқытуға және дамытуға өзара қабілеттілігі.<br>***Игеретін дағдылары:***<br>- адам жанжал шешуде психологиялық қорғаныс өз әдістері, технологиялары медиация басқару мен жанжалдарды реттеуге ие болуы. | 2. Жалпы психология.<br>3. Жасжәнепедагогикалық психология.<br>4 Педагогика. | білім берудегі мәдени-тарихи іс-әрекеттер мен әдістер<br><br>2. Психологиялыққе ңесберудіңтехнологиясы |
| 8 | Педагогикалық ортадағы дау - дамайдың алдын алу | 3 | Курстың мақсаты – педагогикалық ортадағы қақтығысты алдын алу және қақтығысты шешу жолдарын қалыптастыру | Бұл курс білім беру ортасын жанжал даму кезеңін қарайды.<br>Оқытушылар құрамының басқару барысындағы дау дамайды шешу принциптері қарастырылады.<br>Қақтығыс барысындағы қолданатын басқару стильдері және қолданылатын әдістер қарастырылады. | Пәнді игерген соң магистранттардың игеретін құзыреттіліктері<br>***Білімі:***<br>- оқу-әдістемелік тәжірибеде теориялық білімді академиялық пән, жүйе және біліктілігін іске асыру ретінде педагогикалық процесінде жанжалды, психологиялық-педагогикалық тәжірибесін, жанжалды басқару процестеріндегі әдістерді. | 1. Философия.<br>2. Жалпы психология.<br>3. Жас және педагогикалық психология.<br>4 Педагогика. | 1. Психология мен білім берудегі мәдени-тарихи іс-әрекеттер мен әдістер<br><br>2. Психологиялыққе ңесберудіңтехнологиясы |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | ***Білігі:***<br>- тұлғааралық қарым-қатынас қақтығыстарды болдырмауы.<br>***Игеретін дағдылары:***<br>- адам қақтығыс шешуде психологиялық қорғаныс әдістерді таңдауы;<br>- кез-келген дау- дамай болған жағдайда басқару және жанжалдарды шешу амалдарын табу. | | |
| 9 | Тұлғалық дамуды психологиялық сүйемелдеу | 3 | Курстың мақсаты – білім алу мекемесінде тұлғалық және әлеуметтік бейімделуге және ізгілендіру мен индивидуалды даму үрдісінде әлеуметтік-психологиялық және теориялық дайындықты қамтамасыз ету. | Тұлға дамуын психологиялық сүйемелдеу курсы педагог-психологтың жұмысысың тиімді шарттарын зерттеуді карастырады, білім беру мен тәрбиелеуде жүйесіндегі біріңғай, өзара әрекеттскен кәсіби маңызын дұрыс түсінуді қалыптастырады, оқу-тәрбие мекемелерінің мәселелерін шешеді, ғылымның даму және қалыптасу жолдарын, жалпы теориялық мәселелерді және практикалық міндн ттерді қарастырады. | магистранттардың игеретін құзыреттіліктері<br>***Білімі:***<br>- тұлғаны психологиялық сүйемелдеуң негізгі принциптерін;<br>- тұлға дамуының ерекшеліктері;<br>- тұлға дамуындағымәселелердің пайда болу себептерін;<br>-адамгершілік мінез –құлықтың негіздерін және моральдық нормаларын;<br>***Білігі:***<br>- дамудың жас нормаларына сай балалардың жеке топтық іс-әрекетін ұйымдастыра алу;<br>- түзету – дамытушылық және диагностикалық міндеттерді | 1. Философия<br>2. Жалпы психология<br>3. Жас және педагогикалық психология<br>4 Педагогика | 1. Психология мен білім берудегі мәдени-тарихи іс-әрекеттер мен әдістер<br><br>2. Психологиялықке ңесберудіңтехнологиясы |
| 10 | Кәсіби педагогикалық қарым-қатынас негіздері | 5 | Кәсіби педагогикалық қарым-қатынас негіздері ғылымының негізгі саласынан білім бере отырып, | «Кәсіби педагогикалық қарым қатынас» курсын оқытудың мақсаты - кәсіби психологиялық іс-әрекет пәнін оқыту процесінде болашақ педагогтардың кәсіби маңызды | Пәнді игерген соң магистранттардың игеретін құзыреттіліктері:<br>***Білімі:***<br>- қарым-қатынас мәселелері, | 1. Педагогика<br>2. Психология мен білім берудегі мәдени-тарихи іс-әрекеттер мен | 1. ЖОО тәрбие жұмысының қазіргі технологиялары және формалары |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | болашақ маманның практикалық дайындығын және кәсіби дағдыларын меңгерту. | сапаларын қалыптастырып, "Мен" - "Басқа адам" жүйесіндегі қарым-қатынас, яғни жеке адам аралық қарым-қатынас, топаралық қарым-қатынас туралы теориялық білім негіздерімен қаруландыру. | - жеке тұлға және топ,топтардың әлеуметтік-психологиялық сипаттамаларын.<br>***Білігі:***<br>- "Мен" - "Басқа адам" жүйесіндегі қарым-қатынас<br>- жеке адам аралық қарым-қатынас.<br>***Игеретін дағдылары:***<br>- болашақ педагогқа қажетті кәсіби сапаларды игеру. | әдістер | 2. Қазіргі педагогикалық технологиялар. |
| 11 | Қарым-қатынас психотехнология сы | 5 | Қарым-қатынас психотехнологиясы курсын игеру нәтижесінде магистранттар қарым-қатынас орнату қабілеттерін белсендіріп, тәжірибеде кеңінен қолдануды үйренеді. | Әлеуметтік дамыған тұлғаны тек қоғамда қабылданған нормаларды ұстанумен ғана емес, сонымен қоса белгілі бір топтарға, ұжымдық және қоғамдық құндылықтарға, психологиялық тұжырымдамаларға бағытталғанымен ерекшеленеді. Тұжырымдамалар обьект жайлы біліммен және оған деген қатынастан тұрады. Психологиялық тұрғыда өзіндік анықталған тұлға - бұл өзінің нені қажет ететіндігін (мақсаты, өмірлік жоспары, идеясы) саналы бағалаушылық жеке бас және денелік қасиеттері қарастырылады. | Пәнді игерген соң магистранттардың игеретін құзыреттіліктері:<br>***Білімі:***<br>- Қазіргі психологиялық тұжырымдамаларды пайдалану бағыттары туралы білімі;<br>- тұлғаны әртүрлі психологиялық тұжырымдамалар негізінде зерттеу жолдарын.<br>***Білігі:***<br>-психоанализ, бихевиоризм, когнитивті психология, гуманистік психология тұжырымдамаларының ерекшеліктерін білуі.<br>***Игеретін дағдылары:***<br>- психологиялық тұжырымдамалармен жұмыс істей алу дағдыларын меңгеруі;<br>- психологиялық тұжырымдамалар түрлерімен айналысу дағдысы. | 1. Педагогика<br>2. Психология | 1. ЖОО тәрбие жұмысының қазіргі технологиялары және формалары<br>2. Психология мен білім берудегімәдени-тарихиіс-әрекеттер мен әдістер |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 12 | Педагогикалық техника | 5 | Магистранттарды педагогикалық техника туралы білім мен педагогикалық іскерлік туралы білім негіздерімен каруландыру. | «Педагогикалық техника» курсы магистранттардың педагогикалық техниканың білімі мен іскерліктерін меңгеруін қарастырады. Бұл болашақ педагогтың педагогикалық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған. | Пәнді игерген соң магистранттардың игеретін құзыреттіліктері<br>***Білімі:***<br>- педагогикалық қарым-қатынас туралы түсінік, мұғалімнің сөзі, қарым-қатынас арқылы әсер ету тәсілдерін.<br>***Білігі:***<br>- педагогикалық техника және оның мәнін;<br>- педагогикалық техника компоненттерін ажыратуды.<br>***Игеретін дағдылары:***<br>- оқытудың әсер ету құралдарын дұрыс таңдауды;<br>- педагогикалық техникадағы педагогтың өз дене қозғалысын дұрыс басқара білуі керек. | 1. Ғылым тарихы және философиясы<br>2. Педагогика | 1. ЖОО тәрбие жұмысының қазіргі технологиялары және формалары<br><br>2. Психология мен білімберудегімәде ни-тарихиіс-әрекеттер мен әдістер |
| **13** | Инклюзивтық білім берудің пихологиялық-педагогикалық негіздері | 5 | Магистранттардың инклюзивтік оқытудың теориялық білімдерін ұйымдастыру бойынша даму мүмкіндігі шектеулі балалармен тиімді педагогикалық жұмыс істеу дағдылары мен оқу орындарында және қалыптастыру. | Аталған элективті курс педагогикалық бағыт бойынша оқитын студенттерге арналған, өйткені инклюзивті білім технологияларының іске асырудың табыстылығы, Қазақстанның әдеттегі білім беру мекемелерінде ғана мүмкін білім беру интеграциясының субъектілерінің оған өздерінің дайындағаннан кейін, оның ішінде болашақ тәрбиешілер мен пән мұғалімдерінің, инклюзивті топтарда оқушылармен жұмыс істейтін, құрамына денсаулығында мүмкіндіктері шектеулі адамдар енгізілген. | Пәнді игерген соң магистранттардың игеретін құзыреттіліктері<br>***Білімі:***<br>- отандық және шетелдік ғылымда және практикада инклюзивті білім берудің көзқарастары мен даму тарихын;<br>- инклюзияның мәні мен мазмұны;<br>***Білігі:***<br>инклюзивті білім беру процесінде баланың дамуын бақылау және болжау;<br>инклюзивті жағдайында педагогикалық қызметі талдау; | философия, мәдениеттану, әлеуметтану, педагогика, психология, педагогикалық мамандыққа кіріспе. | педагогикалық практика. |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | меңгерілген білімдерін инклюзия жағдайында жалпы білім беру мекемесінде практикалық қызметте пайдалану.<br>***Игеретін дағдылары:***<br>- дефектологияда қабылданған тиісті терминдерді еркін қолдану. | | |
| 14 | Инклюзивтық білім берудің педагогикасы және психологиясы | 5 | Мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытуды ұйымдастыру мақсатында баланың психофизиологиялық және танымдық мүмкіндіктерінің деңгейін ескере отырып психологиялық және педагогикалық мүмкіндіктерін қарастыру. | Инклюзивті білім беруді дамытуды мүмкіндіктері шектеулі балалардың білім алу жүйесін жетілдірудің басты бағыттарының бірі ретінде. Бала және оның ата – анасының тұрғылықты жеріне сәйкес жалпы типтегі мекемелерде мұндай балаларға білім беруді ұйымдастыру оларды ұзақ мерзімге мектеп – интернатқа жіберуден сақтап, отбасында тәрбиеленіп тұруы үшін жағдай жасайды, қалыпты деңгейдегі дамыған құрдастарымен күнделікті қарым – қатынас жасауды қамтамасыз етеді, әлеуметтік бейімделуі және қоғамға кіріктіруге қатысты мәселелерді тиімді шешуге мүмкіндік береді. | Пәнді игерген соң магистранттардың игеретін құзыреттіліктері<br>***Білімі:***инклюзивті білім беру, ерекшелігін, әдістерін, принциптерін, нысандары мен құралдарын инклюзивті оқу процесіндегі оқытуды ұйымдастыруға қойылатын талаптар.<br>***Білігі:***оқу-тәрбие процесінде инклюзивті оқу топтарында психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып ұйымдастыру.<br>***Игеретін дағдылары:***<br>инклюзивті оқу топтарындағы оқушылардың әр түрлі жастағы оқу-тәрбие жұмысын және инклюзивті білім беру ортасындағы дағдыларды құру. | философия, мәдениеттану, әлеуметтану, педагогика, психология, педагогикалық мамандыққа кіріспе. | педагогикалық практика. |
| 15 | Оқу-тәрбие процесіндегі психологиялық-педагогикалық демеу | 5 | Оқу-тәрбие процесі барысында мүгедек балаларға ППК тің маңыздылығын анықтап, тиімді жолдарын қарастырып, | Осы бағытты білім беру жүйесіне енгізу арқылы оқушыларды адамгершілікке, ізгілікке, қайырымдылыққа тәрбиелей аламыз. Сонымен қоса, инклюзивті оқыту үрдісі балаларды толеранттылыққа тәрбиелеудің | Пәнді игерген соң магистранттардың игеретін құзыреттіліктері<br>***Білігі:*** оқушылардың жеке басын және олардың табысты оқытуын сақтай отырып әлеуметтік-психологиялық | философия, мәдениеттану, әлеуметтану, педагогика, психология, педагогикалық мамандыққа | педагогикалық практика. |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | студенттердің бойында қалыптастыру. | бастауы болмақ. | дамуы үшін жағдай жасау.<br>***Білімі:***негізгі оқу қиындықтар, проблемалар таңдау, білім беру және кәсіптік бағдарының бұзылуы, оқушылардың өзара құрбыларымен, мұғалімдермен, ата-аналармен эмоционалдық-еріктік саласының проблемалары қарым-қатынас.<br>***Игеретін дағдылары:***<br>білім беру мекемесінде психологиялық қауіпсіздік құру. | кіріспе. | |

ПП ж БББӘ кафедрасының меңгерушісі Асакаева Д.С.